

Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың орын алуы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 2 тамыздағы № 110 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Алқасы Бәсекелестіктің жалпы қағидааттары мен қағидалары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 19 қосымша) 10-тармағының 4-тармақшасына (бұдан әрі – Хаттама, Шарт), Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 99 шешімімен бекітілген Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы істерді қарау тәртібінің (бұдан әрі – Істерді қарау тәртібі) 44 және 45-тармақтарына сәйкес, "Автоген-М" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (Армения Республикасы, Ванадзор қ., Туманян к-сі, 8 үй, СТН 06916682) (бұдан әрі - "Автоген-М" ЖШҚ) өтініштері негізінде жүргізілген тергеп-тексеру және және трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы істі мынадай тұлғаларға (бұдан әрі тиісінше – іс, жауапкерлер) қатысты қарау қорытындылары бойынша 2019 жылғы 7 қазанда қозғалған трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы мәселені қарады:

"Металлообработка" жауапкершілігі шектеулі қоғам (Ресей Федерациясы, Саратов обл., Энгельс қ., Одесская к-сі, 75 үй, оф. 4, СТН 6449080010) (бұдан әрі – "Металлообработка" ЖШҚ);

"Металлотехника" жауапкершілігі шектеулі қоғам (Ресей Федерациясы, Саратов обл., Маркс қ., 4-я линия к-сі, 2 үй, каб. 5, ИНН 6449070540) (бұдан әрі – "Металлотехника" ЖШҚ);

Абросимов В.В., 2015 жылғы 2 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін "Металлообработка" ЖШҚ директоры қызметін атқарады және заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асырады;

Тарасов Е.В., 2013 жылғы 29 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін "Металлотехника" ЖШҚ директоры қызметін атқарады және заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асырады.

Істерді қарау тәртібінің 23-армағына сәйкес 2021 жылғы 18 қарашада істі қарау жөніндегі комиссияның төрағасы – Комиссияның Монополияға қарсы реттеу департаментінің директоры А. Г. Сушкевич мыналардың қатысуымен, жауапкерлердің, олардың өкілдерінің қатысуынсыз істі қараудың аяқталғаны туралы жариялады:

істі қарау жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары А.А. Калиев, Департамент директорының орынбасары;

істі қарау жөніндегі комиссия мүшелері:

Кривцун Е.П., Департаменттің жалпы бәсекелестік ережелерін бұзу туралы өтініштерді (материалдарды) және істерді қарау бөлімінің кеңесшісі;

құзыретіне бәсекелестік (монополияға қарсы) саясатты іске асыру және (немесе) жүргізу кіретін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекеттер) уәкілетті органдарының өкілдері (бейне-конференц-байланыс арқылы):

Дыбы Я. А., Беларусь Республикасы Монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігінің Сауда, агроөнеркәсіптік кешен, өнеркәсіп, құрылыс және табиғи ресурстар басқармасының өнеркәсіп, құрылыс және табиғи ресурстар бөлімінің бастығы;

Склярова Я.В., Федералдық монополияға қарсы қызметтің жарнаманы бақылау және жосықсыз бәсекелестік басқармасы бастығының орынбасары;

Тихонова Ю.В., Федералдық монополияға қарсы қызмет Халықаралық экономикалық ынтымақтастық басқармасы ТМД елдерімен экономикалық интеграция бөлімі бастығының орынбасары.

Комиссияға "Автоген-М" ЖШҚ-дан Шарттың 76-бабы 2-тармағын ықтимал бұзу белгілері туралы шағым келіп түсті (2019 жылғы 15 қаңтардағы кір. № 502 және 2019 жылғы 18 қаңтардағы № 755).

2019 жылғы 29 қаңтарда Департамент Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 97 шешімімен бекітілген Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы өтініштерді (материалдарды) қарау тәртібінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы өтініштерді (материалдарды) қарау тәртібіне өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 39 шешімінің редакциясында) 13¹-тармағына сәйкес Шарттың 76-бабының 2-тармағын бұзу белгілерін жоюға және трансшекаралық нарықтарда бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-қимылдар жасау туралы ұсыныстар жобасын әзірлеуге және жіберуге байланысты оны қарау тоқтатылған болатын, бұл туралы 2019 жылғы 29 қаңтардағы № 2/ұйғ. тиісті ұйғарым шығарылды. аталған өтініш келіп түскен кезеңде қолданыста болған,. Әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын ықтимал бұзу белгілері байқалатын тұлғаның аталған ұсынысты келіспеуіне байланысты осы шағымды қарау қайта басталды, бұл туралы 2019 жылғы 20 мамырдағы № 25/ұйғ. тиісті ұйғарым шығарылды

Жүргізілген тергеп-тексеру және істі қарау нәтижелері бойынша мыналар анықталды.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 98 шешімімен бекітілген Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарды тергеп-тексеруді жүргізу тәртібінің (бұдан әрі – Тергеп-тексеру жүргізу тәртібі) 3-тармағының 1-тармақшасына, Хаттамаға және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 14 мамырдағы № 112 шешімінің 1-тармағына сәйкес 2019 жылғы 3 маусымдағы тергеп-тексеруді жүргізу туралы № 28/ұйғ. ұйғарым болды. тұтынушыларды өндіріс сипатына, әдісіне және орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына қатысты немесе ацетиленді немесе оның алмастырғыштарын далалық жағдайларда магистральдық құбырларды салу кезінде және өнеркәсіптік кәсіпорындарда энергия көздеріне қосу қажеттілігінсіз болат құбырларды газ силикатты (термиялық) кесуге арналған тасымалданатын машиналарды өндірушіге қатысты және (немесе) "Автоген-М" ЖШҚ тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) болып табылатын 2017 жылғы 13 шілдедегі № 623722 тауар белгісіне (қызмет көрсету белгісіне) берілген куәлікке сәйкес атауында "ОРБИТА" сөзі бар "ОРБИТА-Р" және "ОРБИТА-РМ" белгілемелерін (тауарды даралау құралдарын) пайдалану арқылы құбырларды кесуге арналған машиналарды өндірушілерге қатысты жаңылыстырудан көрінген, трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын ықтимал бұзу белгілерінің болуы фактісі бойынша Комиссияға (2019 жылғы 15 қаңтардағы кір. № 502 және 2019 жылғы 18 қаңтардағы № 755) "Автоген-М" ЖШҚ келіп түскен шағым трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарды тергеп-тексеруді жүргізу үшін негіз болды.

Хаттаманың 10-тармағының 2 және 3-тармақшаларына, 11-тармақтың 1-тармақшасына, Тергеп-тексеру жүргізу тәртібінің 13 және 16-тармақтарына, Істерді қарау тәртібінің 2-тармағына сәйкес тергеп-тексеру барысында трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілерін анықтауға байланысты трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы іс қозғалды және оны қарау бойынша комиссия құрылды, бұл туралы 2019 жылғы 7 қазандағы № 51/ұйғ. тиісті ұйғарым шығарылды.

Істерді қарау тәртібінің 16-тармағын басшылыққа ала отырып, істі қарау жөніндегі комиссияның шешім қабылдауы үшін қосымша ақпарат алу қажеттілігіне байланысты істі қарау мерзімі 60 жұмыс күніне ұзартылды, ол туралы 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 59/ұйғ. тиісті ұйғарым шығарылды.

Бұл ретте істі қарау шеңберінде істі қарау жөніндегі комиссия жауапкерлерден олар ұсынбаған ақпаратты сұратқан. Осыған байланысты 2020 жылғы 19 наурыздағы № 10/ұйғ. ұйғарымымен, 2020 жылғы 19 наурыздағы № 11/ұйғ. ұйғарымымен, 2020 жылғы 19 наурыздағы № 12/ұйғ. ұйғарымымен және 2020 жылғы 19 наурыздағы № 13/ұйғ. ұйғарымымен жауапкерлерге қатысты мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау немесе

уақтылы ұсынбау, сол сияқты көрінеу анық емес мәліметтерді (ақпаратты) ұсыну туралы іс қозғалды. Оларды қарау қаралатын іс үшін маңызды болуы мүмкін болғандықтан, 2020 жылғы 19 наурыздағы № 16/ұйғ. ұйғарыммен істі қарау тоқтатылды. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық комиссияның талабы бойынша мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбағаны үшін айыппұл санкцияларын қолдану туралы" 2020 жылғы 17 желтоқсандағы № 173 шешімін, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық комиссияның талабы бойынша мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбағаны үшін айыппұл санкцияларын қолдану туралы" 2020 жылғы 17 желтоқсандағы № 174 шешімін, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық комиссияның талабы бойынша мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбағаны үшін айыппұл санкцияларын қолдану туралы" 2020 жылғы 17 желтоқсандағы № 175 шешімін және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық комиссияның талабы бойынша мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбағаны үшін айыппұл санкцияларын қолдану туралы" 2020 жылғы 17 желтоқсандағы № 176 шешімін ескере отырып істі қарау жөніндегі комиссия 2021 жылғы 18 қарашада істі қарауды қайта бастады.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 7 шешімімен бекітілген Хаттамаға, Тергеу жүргізу тәртібіне және Бәсекелестіктің жай-күйін бағалау әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес Комиссия атауында "ОРБИТА" сөзі бар "ОРБИТА-Р" және "ОРБИТА-РМ" белгілемелерін (тауарды даралау құралдарын) пайдалана отырып, құбырларды кесуге арналған машиналарды өткізудің трансшекаралық нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне бағалау жүргізді.

Хаттаманың 11-тармағына және Әдістеменің 61 – 63-тармақтарына сәйкес бәсекелестіктің жай-күйін бағалаудың әрбір кезеңінде жасалған негізгі тұжырымдар құпия ақпаратты қорғауға қойылатын талаптар бұзылмайтын бөлігінде баяндалған.

Әдістеменің II бөлімінің ережелерін басшылыққа ала отырып, нарықты зерттеудің уақыт аралығы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылдың I жартыжылдығына дейін айқындалды.

Әдістеменің 4-тармағына сәйкес Шарттың 76-бабының 2-тармағында белгіленген тыйым салулардың бұзылуын тексеру кезінде Бәсекелестіктің жай-күйін бағалау әдістеменің 15-тармағына сәйкес тауарды алдын ала айқындаумен шектелуі мүмкін, оның талаптарына сүйене отырып, мыналар белгіленеді.

Іс материалдарында атауында "ОРБИТА" сөзі бар "Орбита-Р" және "ОРБИТА-РМ" белгілемелерін (тауарды даралау құралдарын) пайдалана отырып, жауапкерлердің құбырларды кесуге арналған машиналарды өткізу және (немесе) жеткізу фактісін растайтын мынадай шарттардың көшірмелері ұсынылған:

2018 жылғы 8 қарашадағы "Стройинжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен "Металлообработка" ЖШҚ арасындағы;

2018 жылғы 14 мамырдағы "Металлообработка" ЖШҚ мен "ПРОМФИНСТРОЙ" акционерлік қоғамы арасындағы;

2018 жылғы 13 шілдедегі "Газпром добыча Ноябрьск" жауапкершілігі шектеулі қоғам мен "Технотрон" ғылыми-өндірістік кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі қоғамы арасындағы;

2019 жылғы 10 қаңтардағы "СварКомплект" жауапкершілігі шектеулі қоғамы мен "СГК-5" жауапкершілігі шектеулі қоғамы арасындағы;

2019 жылғы 14 тамыздағы "Самара Велдинг Групп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен "ГСП-5" жауапкершілігі шектеулі қоғамы арасындағы;

2019 жылғы 20 тамыздағы "Металлообработка" ЖШҚ мен "Вектор" жауапкершілігі шектеулі қоғамы арасындағы шарттар;

атауында "ОРБИТА" сөзі бар "ОРБИТА-Р" және "ОРБИТА-РМ" белгілемелерін (тауарды даралау құралдарын) пайдалана отырып, құбырларды кесуге арналған машиналарды жауапкерлердің өткізу фактісін растайтын өзге де шарттар.

Құбырларды кесетін машиналардың тұтынушылары, әдетте, құбырларды салуды және пайдалануды жүзеге асыратын өнеркәсіптік кәсіпорындар болып табылады.

Аталған тауарды өндіру және өткізу мүше мемлекеттердің аумақтарында лицензияланбайды. Құбырларды кесуге арналған машиналар ЕАЭО СЭҚ ТН 8468 20 000 0 – "Газбен жұмыс істейтін жабдықтар мен аппараттар, басқалар" кодына жатады.

Құбырларды кесуге арналған машиналарды өндіру мен өткізуді реттейтін нақты нормативтік құқықтық актілер анықталған жоқ. Сонымен қатар, мүше мемлекеттердің аумақтарында құбырларды кесуге арналған машиналарды пайдалану бөлігінде нақты талаптар, соның ішінде Ресей Федерациясы Үкіметінің 2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 1479 қаулысымен бекітілген Ресей Федерациясындағы өртке қарсы режим қағидалары және Ресей Федерациясының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 884н бұйрығымен бекітілген Электрмен дәнекерлеу және газбен дәнекерлеу жұмыстарын орындау кезінде еңбекті қорғау ережелері белгіленген.

ГОСТ 10705-80 "электрмен дәнекерленген болат құбырлар" диаметрі 10-нан 630 мм-ге дейінгі көміртекті және төмен легирленген болат маркаларынан жасалған, құбырларға, конструкцияларға, сондай-ақ әртүрлі мақсаттағы бұйымдарға қолданылатын болат электрмен дәнекерленген тік тігісті құбырларға қолданылады.

"Электрмен дәнекерленген тік жапсарлы болат құбырлар" ГОСТ 10704-91 1 және 2-тармақтарына сәйкес диаметрі жағынан электрмен дәнекерленген болат тік жапсарлы құбырлардың ықтимал сорты 10-нан 1420 мм-ге дейінгі диапазонда (қабырғалардың қалыңдығы 0,8-ден 32 мм-ге дейін) болады.

Іс материалдарына сәйкес "Автоген-М" ЖШҚ 1997 жылы Армения Республикасында "Автогенмаш" автогендік машина жасау зауытының базасында құрылды, ол қол газ жалын аппаратурасы мен үлкен диаметрлі болат құбырларды термиялық кесетін машиналарды өндіруші болды. 2017 жылғы 13 шілдеде Ресей

Федерациясының тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерінің мемлекеттік тізіліміндегі № 2016727063 өтінімге сәйкес № 623722 тауар белгісіне (қызмет көрсету белгісіне) берілген куәлікке (2016 жылғы 28 маусымдағы басымдықпен) сәйкес "ОРБИТА" тауар белгісі тіркелді, ол бойынша құқықтық қорғау 2026 жылғы 25 шілдеде айрықша құқықтың қолданылу мерзімінің аяқталу күнімен 07-сыныпты ХТҚС тауарлары мен қызметтеріне қатысты ұсынылады.

Армения Республикасының 2005 жылғы 13 қыркүйектегі № 05798267.4177-2005 техникалық шарттарына және іс материалдарында ұсынылған құжаттарға сәйкес "ОРБИТА-PM" және "ОРБИТА-Р" құбырларды кесуге арналған машиналар құрылыс кезінде ацетиленді немесе оның алмастырғыштарын пайдалана отырып, магистральдық құбырлар мен өнеркәсіптік кәсіпорындарда энергия көздеріне қосудың қажеттілігінсіз, болат құбырларды газ силикатты (термиялық) кесуге арналған тасымалданатын машиналар болып табылады оның ішінде мынадай сипаттамалары бар:

кесетін құбырлар диаметрлерінің диапазоны – 320-1420 мм;

кесетін құбырлар қабырғаларының қалыңдығы – 5 – 75 мм;

бағыттаушы тірек (таңғыш) бойынша кесу кезінде кесудің басы мен соңының сәйкес келмеуі – 1 мм;

арбаны жылжыту жетегі – қолмен;

газдың ең көп шығыны: оттегі – 12 м³/сағ, пропан – 0,55 м³/сағ, табиғи газ – 1,1 м³/сағ;

кескіш алдындағы газдардың жұмыс қысымы: оттегі – 1,2 (12) МПа (кг/см²), пропан және табиғи газ – 0,1 (1,0) МПа (кг/см²).

Іс материалдарында ұсынылған ақпаратқа (құжаттарға, мәліметтерге) сүйене отырып, аталған машиналарға тән белгілер мыналар болып табылады:

қолданудың нақты саласы (құбырларды салу кезінде және өнеркәсіптік кәсіпорындарда болат құбырларды кесу);

кесу әдісі (газды-оттекті);

дала жағдайында пайдалану мүмкіндігі (портативті, энергия көздеріне қосудың қажеті жоқ).

Құбырларды кесуге арналған машиналар оларға "Орбита" тауар белгісін (қызмет көрсету белгісін) жазу арқылы шығарылады, оның құқықтық қорғаудың басымдығы 2016 жылғы 28 маусымнан 2026 жылғы 25 шілдеге дейін "Автоген-М" ЖШҚ-ға бекітілген.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, атауында "ОРБИТА" (бұдан әрі-тауар нарығы) сөзі бар "ОРБИТА-Р" және "ОРБИТА – PM" белгілемелерін (тауарды даралау құралдарын) пайдалана отырып, құбырларды кесуге арналған машиналар трансшекаралық тауар нарығының өнім шекаралары болып табылады.

Шарттың 74-бабының 1 және 2-тармақтары, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 29 шешімімен бекітілген Нарықты

трансшекаралық нарыққа жатқызу критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) Әдістеменің 2-тармағының "б" тармақшасы, 23 және 26-тармақтары негізінде іс материалдарында ұсынылған ақпаратты (құжаттарды, мәліметтерді) негізге ала отырып, оның ішінде Ресей Федерациясының аумақтық органдары мен Армения Республикасы мен Ресей Федерациясының кеден органдарының деректеріне сүйене отырып, "ОРБИТА-РМ" және "Орбита-Р" құбырларды кесуге арналған машиналарды Армения Республикасы мен Ресей Федерациясының шегінде тұтынушы сатып алады немесе аталған тауарды сатып алудың экономикалық, техникалық немесе басқа мүмкіндігіне ие болады не аталған тауарды сатып алу орынды деп санайды, бірақ бұл ретте мұндай мүмкіндігі болмайды, не оны тауар нарығының географиялық шекарасынан тыс жерден сатып алу мүмкін емес деп санайды, сонымен қатар бұл тауар Армения Республикасынан Ресей Федерациясына жеткізілетіні анықталды. Осы Шешімде ұсынылып отырған ақпараттың оның құпия ақпаратқа жатқызылғанын куәландыратын белгіге ие болуына байланысты жеткізілімдер мен олардың көлемдері туралы деректер келтірілмейді.

Шарттың 76-бабында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын қолдану мақсатында Критерийлердің 2-тармағына сәйкес, егер тауар нарығының географиялық шекаралары екі және одан да көп мүше мемлекеттердің аумақтарын қамтыса, нарық трансшекаралық нарыққа жатады.

Іс материалдарында 2017 жылдан бастап қоса алғанда 2020 жылға дейін Армения Республикасы мен Ресей Федерациясының аумақтарында құбырларды кесуге арналған машиналарды сатуды жүзеге асырғаны туралы ақпарат (құжаттар, мәліметтер), оның ішінде "Автоген-М" ЖШҚ-дан ұсынылған.

Мәселен, "Автоген-М" ЖШҚ "МИДАСОТ" ҮЕҰ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (Ресей Федерациясының шаруашылық жүргізуші субъектісі) Ресей Федерациясының аумағында құбырларды кесуге арналған машиналардың мынадай санын сатқан:

2018 жылы – 162 дана;

2019 жылдың қаңтар – мамыр айларында – 69 дана.

Ресей Федерациясы салық органдарының мәліметтері бойынша "Металлообработка" ЖШҚ және "Металлотехника" ЖШҚ 2018-2020 жылдар аралығында атауында "ОРБИТА" сөзі қолданылған, құбырларды кесуге арналған машиналарды сатуды жүзеге асырды. Осы Шешімде сату, көлемдері туралы деректер және өзге де ақпарат құпия ақпаратқа жатқызылғанын куәландыратын белгісі болғандықтан, ұсынылған ақпарат келтірілмейді.

"Металлообработка" ЖШҚ және "Металлотехника" ЖШҚ тіркелген және Ресей Федерациясының шаруашылық жүргізуші субъектілері болып табылады, "Автоген-М" ЖШҚ тіркелген және Армения Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектісі

болып табылады. Аталған шаруашылық жүргізуші субъектілер құбырларды кесуге арналған машиналарды атауында "ОРБИТА" сөзін қолдана отырып сатады және бәсекелестер болып табылады.

Баяндалғандардың және тауар нарығының трансшекаралық болып табылатындығын негізге ала отырып, Шарттың 74-бабының 2-тармағы, Хаттаманың 9-тармағы мен Критерийлердің 3-тармағының негізінде "Автоген-М" ЖШҚ және жауапкерлер әртүрлі мүше мемлекеттердің аумақтарында тіркелгендігіне және бір тауар нарығында бәсекелес болып табылатындығына байланысты бұзушылықтардың жолын кесу Шарттың 76-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы Комиссияның құзыретіне жатады.

Шарттың 76-бабы 2-тармағының 2-тармақшасын бұзушылықтардың жолын кесу үшін тауар нарығының көлемін және оның шоғырлануын есептеуден заңдық маңызы бар салдарлардың болмайтынын ескере отырып, көрсетілген есептеулер жүргізілмеген.

Іс материалдарын негізге ала отырып тауар нарығына кіру үшін еңсерілмейтін кедергілер белгіленбеген.

Іс материалдарын қарау нәтижелері бойынша, оның ішінде істі қарауға қатысатын адамдарды тыңдау, аталған адамдардың дәлелдемелерін, пікірлері мен түсіндірмелерін зерттеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ іске қатысатын басқа адамдар ұсынған дәлелдемелерге қатысты істі қарау жөніндегі комиссияның өткен отырыстары шеңберінде мыналар белгіленді.

Шарттың 74-бабының 1-тармағына сәйкес бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары мүше мемлекеттердің аумақтарындағы бәсекелестікке қарсы іс-қимылдарды және екі және одан да көп мүше мемлекеттердің аумақтарындағы трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс әсер ететін іс-қимылдарды анықтауды және жолын кесуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Хаттаманың 2-тармағының 8-тармақшасына сәйкес бәсекелестік шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) бәсекелестігі ретінде айқындалады, бұл ретте олардың әрқайсысының дербес іс-әрекеттерімен олардың әрқайсысының тиісті тауар нарығында тауарлар айналысының жалпы шарттарына біржақты тәртіппен ықпал ету мүмкіндігі алынып тасталады немесе шектеледі.

Шарттың 76-бабы 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес жосықсыз бәсекелестікке, оның ішінде тауардың сипатына, өндіріс тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына қатысты немесе оны өндірушіге қатысты тұтынушыларды адастыруға жол берілмейді.

Хаттаманың 2-тармағының 14-тармақшасында жосықсыз бәсекелестік – бұл мүше мемлекеттердің заңнамасына, іскерлік айналым әдет-ғұрыптарына, адал ниеттілік, парасаттылық және әділдік талаптарына қайшы келетін шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) (тұлғалар тобының) немесе бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) (тұлғалар топтарының) кәсіпкерлік қызметте артықшылықтар алуға бағытталған және басқа шаруашылық жүргізуші

субъектілерге (нарық субъектілеріне) – бәсекелестерге зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін не олардың іскерлік беделіне нұқсан келтірген немесе зиян келтіруі мүмкін кез келген іс-әрекеттері екендігі белгіленген.

Аталған нормаларды өзара байланысты оқу Одақ құқығымен кәсіпкерлік қызметте артықшылықтар алуға бағытталған шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) (тұлғалар тобының) немесе мүше мемлекеттердің заңнамасына, іскерлік айналым әдет-ғұрыптарына, адал ниеттілік, парасаттылық және әділдік талаптарына қайшы келетін және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерге (нарық субъектілеріне) зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін – тұтынушыларды тауардың сипатына, өндіріс тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына қатысты немесе оны өндірушіге қатысты жаңылыстырудан білінген бәсекелестерге не олардың іскерлік беделіне нұқсан келтірген немесе зиян келтіруі мүмкін бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) (тұлғалар топтарының) іс-әрекеттеріне тыйым салынатынын куәландырады.

"Металлообработка" ЖШҚ "Орбита" белгіленімін қолдана отырып, құбырларды кесуге арналған машиналар шығарды және сатты. "Металлотехника" ЖШҚ "Орбита" белгіленімін қолдана отырып, құбырларды кесуге арналған машиналарды сатты.

Құқықтық қорғалуы ХТҚС-ның 07 класындағы тауарлар мен қызметтерге қатысты тауар белгісі ретінде ұсынылатын "Орбита" сөздік белгіленімі тиісті трансшекаралық тауар нарығында "Металлообработка" ЖШҚ және "Металлотехника" ЖШҚ бәсекелесі болып табылатын "Автоген-М" ЖШҚ тіркелген.

"Металлообработка" ЖШҚ мен "Металлотехника" ЖШҚ-ның әрекеттері мүше мемлекеттердің заңнамасына, іскерлік айналым әдет-ғұрыптарына, адал ниеттілік, парасаттылық және әділдік талаптарына қайшы келеді.

"Металлообработка" ЖШҚ және "Металлотехника" ЖШҚ-ның "ОРБИТА" сөздік белгіленімін пайдалана отырып құбырларды кесуге арналған машиналарды сатуы тұтынушыларды өнімнің сипатына, әдісіне және орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына немесе оны өндірушіге қатысты жаңылыстыруы мүмкін.

Іс материалдарында ақпарат (құжаттар, мәліметтер) ұсынылған, оған сәйкес "Металлотехника" ЖШҚ сайтында (<https://www.mp-orbita.ru/>) "ОРБИТА" белгіленімін пайдалана отырып, тауарды сату туралы ұсыныстар жарияланған.

Комиссия Хаттаманың 61-тармағының негізінде Федералдық монополияға қарсы қызметке қажетті ақпаратты алу үшін жекелеген процестік әрекеттерді жүргізуді сұрап дәлелді ұсыныс жіберді.

Федералдық монополияға қарсы қызметтің осы дәлелді ұсынысты орындау нәтижелері бойынша "Металлотехника" ЖШҚ-дан "Орбита" тауар белгіленімі туралы мәліметтер ұйымның сайттарынан алынып тасталғаны, ұйым "ОРБИТА" тауар белгіленімін пайдалана отырып тауарды сатпайтындығы, жабдық "РМ" "Болат құбырларды газбен кесуге арналған машина" белгіленімін пайдалана отырып

сатылатындығы туралы ақпарат алынды. "Металлотехника" ЖШҚ-дан алынған көрсетілген ақпарат іс материалдарында расталмайды.

"Металлообработка" ЖШҚ трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғандығын мойындаған жоқ, жазбаша қарсылықтар ұсынды, оған сәйкес "ОРБИТА" тауар белгіленімін пайдалана отырып құбыр кесетін машиналарды өндіру және сату жүзеге асырылмаған, "ОРБИТА" бейнесі қолданылмаған. Сондай-ақ "Металлообработка" ЖШҚ Федералдық интеллектуалдық меншік қызметіне өзінің атынан "Орбита-Р" тауар белгісін тіркеуге өтінім бергені туралы хабарлады.

"Металлообработка" ЖШҚ сайтында орналастырылған және нотариалды тексеру хаттамасында тіркелген ақпаратқа сәйкес, "Металлообработка" ЖШҚ "ОРБИТА-Р" және "ОРБИТА-РМ" құбырларды кесуге арналған машиналарды сатуды жүзеге асырады.

"Мегафон" жария акционерлік қоғамының Комиссияның сұрау салуына берген жауабына сәйкес "Металлообработка" ЖШҚ сайтында көрсетілген және көрсетілген нотариаттық тексеру хаттамасында тіркелген байланыс телефондарының нөмірлері "Металлообработка" ЖШҚ директоры В.В. Абросимоваға ресімделген.

"Федералдық өнеркәсіптік меншік институты" Федералдық мемлекеттік бюджеттік мекемесінің сайтында орналасқан Ресей Федерациясының сауда белгілері мен қызмет көрсету белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тауарлар мен қызметтердің халықаралық сыныптамасының (ХТҚС) 07 сыныбы бойынша "Металлообработка" ЖШҚ-ға немесе "Металлотехника" ЖШҚ-ға тіркелген зияткерлік меншік объектілері жоқ.

Істі қарау шеңберінде "Металлообработка" ЖШҚ өкілі "ОРБИТА" құбырларды кесуге арналған машиналарды, оның ішінде өндірістік цехты жалдау шартының бұзылуына байланысты "Металлообработка" ЖШҚ-ның өндіргенін және өткізбегенін хабарлады.

"Металлотехника" ЖШҚ трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу фактісін мойындау немесе мойындамау туралы позиция ұсынбады.

Өз кезегінде іс материалдарында мынадай ақпарат (құжаттар, мәліметтер) ұсынылды:

"Металлообработка" ЖШҚ сатып алушы – "ТехноСпецСнаб" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 25 және 2019 жылғы 7 наурыздағы № 193 "Орбита-РМ" құбырларды кесуге арналған машиналарды жеткізуге арналған әмбебап тапсыру құжаттары;

"Металлообработка" ЖШҚ сатып алушы – "Профессионал Групп Самара" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған 2019 жылғы 20 ақпандағы № 139 "Орбита-РМ" құбырларды кесуге арналған 10 машинаны жеткізуге арналған әмбебап тасымалдау құжаты;

"Металлообработка" ЖШҚ сатып алушы – "УралЭнергоРесурс" ҒӨО жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған бандажбен бірге "Орбита-Р"

құбырларды кесуге арналған машинаны жеткізу туралы 2018 жылғы 27 наурыздағы № 243 шот-фактура, сондай-ақ "Металлообработка" ЖШҚ-ның сатып алушыға қойған шот-фактурасы;

Ресей Федерациясының Салық қызметінің аумақтақ органдарының "Металлообработка" ЖШҚ-ның және "Металлотехника" ЖШҚ-ның "Орбита" сөздік белгіленімін пайдалана отырып, құбырларды кесуге арналған машиналарды сату фактісін растайтын деректері. Осы Шешімде Ресей Федерациясының Салық органдарының деректері ұсынылған ақпарат құпия ақпаратқа жатқызылғанын көрсететін белгісі бар болғандықтан, келтірілмейді.

Сондай-ақ, іс материалдарында "Металлообработка" ЖШҚ "металдарды газбен-жалынмен өңдеуге арналған жабдыққа: құбырларды оттегімен кесетін машиналарға, модель: Орбита, Орбита-Р, Орбита-РМ" ресімдеген, "Металлообработка" ЖШҚ көрсетілген өнімді өндіруші ретінде көрсетілген, Одақтың № ЕАЭО N RU Д-RU.НА78. В.02342/19 техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігі туралы декларацияның көшірмесі ұсынылды.

Жауапкердің "ОРБИТА" белгіленімі тауар белгісі болып табылмайды және оның тиісті тізілімде болмауына байланысты құқықтық қорғалуға жатпайды деген дәлелдері негізсіз. Іс материалдарында "Автоген-М" ЖШҚ Ресей Федерациясының аумағында "ОРБИТА" сөзінің бейнесі түрінде № 623722 тауар белгісін тіркелгенін растайтын құжаттардың тиісті түрде куәландырылған көшірмелері ұсынылған.

Іс материалдарында "Металлообработка" ЖШҚ "Орбита" белгілемесін қамтитын бірнеше сауда белгілерін Федералдық зияткерлік меншік қызметінде тіркеуге әрекет жасағанын растайтын ақпарат (құжаттар, мәліметтер) ұсынылған. 2017 жылғы 23 тамыздағы № 2017734445, 2017 жылғы 23 тамыздағы № 2017734446 және 2017 жылғы 23 тамыздағы № 2017734447 тауар белгілерін тіркеуге арналған өтінімдердің қолданылу мерзімі "Металлообработка" ЖШҚ-ның баж төлемеуіне байланысты аяқталған. Федералдық зияткерлік меншік қызметі "Металлообработка" 2021 жылғы 31 наурызда № 2019708320 ЖШҚ-ның өтінімі бойынша тауар таңбасын тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған.

"Металлообработка" ЖШҚ және "Металлотехника" ЖШҚ іс материалдарына қоса берілген, қаралған, тиісті баға алған және іс материалдарынан өз растауын таппаған өзге де дәлелдер, қарсылықтар, жазбаша ұстанымдар және өзге де ақпарат ұсынған.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, "Металлообработка" ЖШҚ-ның бәсекелестіктің жалпы ережелерін бұзуы өндіріс пен сатудан, ал "Металлотехника" ЖШҚ-ның "Автоген-М" ЖШҚ-ға айрықша құқықтары тиесілі "Орбита" белгісін қолдана отырып, оның келісімінсіз құбырларды кесуге арналған машиналарды сатуынан көрінді.

"Металлообработка" ЖШҚ-ның және "Металлотехника" ЖШҚ-ның көрсетілген әрекеттері (әрекетсіздігі) құбыр кесетін машиналардың тұтынушыларын "ОРБИТА"

құбыр кесетін машиналардың өндіріс сипатына, әдісіне және орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына немесе өндірушісіне қатысты жаңылыстырады және (немесе) жаңылыстырады мүмкін.

Ресей Федерациясының "Жауапкершілігі шектеулі қоғамдар туралы" 1998 жылғы 8 ақпандағы № 14-ФЗ Федералдық заңының 40-бабының 3-бөлігіне сәйкес қоғамның жеке-дара атқарушы органы қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді, оның ішінде оның мүдделерін білдіреді және мәмілелер жасасады.

Ресей Федерациясының "Жауапкершілігі шектеулі қоғамдар туралы" Федералдық заңының 40-бабының 1-бөлігіне сәйкес қоғамның жеке-дара атқарушы органын (бас директор, президент және т.б.), егер қоғамның жарғысында бұл мәселелерді шешу Қоғамның директорлар Кеңесінің (бақылау кеңесінің) құзыретіне жатпаса, қоғамның жарғысында белгіленген мерзімге қоғам қатысушыларының жалпы жиналысы сайлайды.

В.В. Абросимова 2015 жылғы 2 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін "Металлообработка" ЖШҚ директоры қызметін атқарады және заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асырады.

"Металлообработка" ЖШҚ-ның лауазымды адамы – директоры В.В. Абросимованың әрекеттері (әрекетсіздігі) мүше мемлекеттің заңнамасына және "Металлообработка" ЖШҚ-ның құрылтай (жарғылық) құжаттарына сәйкес "Металлообработка" ЖШҚ-ның басшысы бола тұра, бұзушылық кезеңінде оның Одақтың монополияға қарсы реттеу саласындағы құқығын сақтауға және жосықсыз бәсекелестікті тоқтатуға мүмкіндігі болғанынан көрінді, алайда оларды сақтау бойынша қажетті және жеткілікті шаралар қабылдаған жоқ, осыған байланысты В.В. Абросимова Шарттың 76-бабы 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес тыйым салынған әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасады.

Істі қарау шеңберінде В.В. Абросимова Істерді қарау тәртібінің 13-тармағында көзделген барлық құқықтарды іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етті. Бұдан басқа, оның іс-әрекеттерінде бәсекелестіктің жалпы ережелерін бұзуға қатысты дәлелдер, сондай-ақ Шарттың 76-бабын бұзумен келісу немесе келіспеу туралы ұстаным ұсынуды сұрайтын іс бойынша түсініктемелер сұралды. Өз кезегінде В.В. Абросимова іс бойынша түсініктемелер мен дәлелдер, оның ішінде бұзушылықпен келісу немесе келіспеу туралы ұстаным ұсынған жоқ.

Іс бойынша жиналған дәлелдемелерді бағалай отырып, істі қарау жөніндегі комиссия В.В. Абросимованың кінәсі расталды және оның әрекеттері Шарттың 76-бабы 2-тармағының 2-тармақшасына қатысты дұрыс сараланған деп санайды.

Тарасов Е.В. 2013 жылғы 29 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін "Металлотехника" ЖШҚ директоры қызметін атқарады және заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асырады.

"Металлотехника" ЖШҚ-ның лауазымды адамы – директоры Е.В. Тарасовтың әрекеттері (әрекетсіздігі) мүше мемлекеттің заңнамасына және "Металлотехника" ЖШҚ-ның құрылтай (жарғылық) құжаттарына сәйкес "Металлотехника" ЖШҚ-ның басшысы бола отырып, бұзушылық кезеңінде ол Одақтың монополияға қарсы реттеу саласындағы құқығын сақтауға және жосықсыз бәсекелестікті тоқтатуға мүмкіндігі болғанынан көрінді, алайда оларды сақтау бойынша қажетті және жеткілікті шаралар қабылдаған жоқ, осыған байланысты Е.В. Тарасов Шарттың 76-бабы 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес тыйым салынған әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасады.

Істі қарау шеңберінде Е.В. Тарасовқа Істерді қарау тәртібінің 13-тармағында көзделген барлық құқықтарды іске асыру мүмкіндігі қамтамасыз етілді. Бұдан басқа, оның іс-әрекеттерінде бәсекелестіктің жалпы ережелерін бұзуға қатысты дәлелдер, сондай-ақ Шарттың 76-бабын бұзумен келісу немесе келіспеу туралы ұстаным ұсынуды сұрайтын іс бойынша түсініктемелер сұралды. Өз кезегінде Е.В. Тарасов іс бойынша түсініктемелер мен дәлелдер, оның ішінде бұзушылықпен келісу немесе келіспеу туралы ұстаным ұсынған жоқ.

Іс бойынша жиналған дәлелдемелерді бағалай отырып, істі қарау жөніндегі комиссия Е.В. Тарасовтың кінәсі расталды, ал оның әрекеттері Шарттың 76-бабы 2-тармағының 2-тармақшасына қатысты дұрыс сараланған деп санайды.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 17 желтоқсандағы № 118 шешімімен бекітілген Хаттаманың 10-тармағының 3-тармақшасын, Істерді қарау тәртібінің 44-тармағын және трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұлдарды есептеу әдістемесін және салу тәртібін (бұдан әрі – айыппұлдарды есептеу әдістемесі және салу тәртібі) басшылыққа ала отырып, Комиссия Алқасы **шешті**:

1. "Металлообработка" ЖШҚ-ның және "Металлообработка" ЖШҚ-ның директоры В.В. Абросимованың атауында "ОРБИТА" тауарды даралау құралы – тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) бар "ОРБИТА-Р" және "ОРБИТА-РМ" магистральдық құбырларды салу кезінде және өнеркәсіптік кәсіпорындарда энергия көздеріне қосуды қажет етпей, далалық жағдайларда ацетиленді немесе оның алмастырғыштарын пайдалана отырып, болат құбырларды газды-силикатты (термиялық) кесуге арналған тасымалданатын машиналарды өндіру мен сатудан көрінген, тұтынушылардың өндіріс сипатына, әдісіне және орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына қатысты немесе көрсетілген тауарды өндірушіге қатысты жаңылыстыруға алып келетін немесе алып келуі мүмкін әрекеттері (әрекетсіздігі) Шарттың 76-бабы 2-тармағының 2-тармақшасын бұзады деп танылсын.

2. "Металлотехника" ЖШҚ-ның және "Металлотехника" ЖШҚ-ның директоры Е.В. Тарасовтың атауында "ОРБИТА" тауарды даралау құралы – тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) бар "ОРБИТА-Р" және "ОРБИТА-РМ" магистральдық құбырларды салу кезінде және өнеркәсіптік кәсіпорындарда энергия көздеріне қосуды қажет етпей,

далалық жағдайларда ацетиленді немесе оның алмастырғыштарын пайдалана отырып, болат құбырларды газды-силикатты (термиялық) кесуге арналған тасымалданатын машиналарды өндіру мен сатудан көрінген, тұтынушылардың өндіріс сипатына, әдісіне және орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына қатысты немесе көрсетілген тауарды өндірушіге қатысты жаңылыстыруға алып келетін немесе алып келуі мүмкін әрекеттері (әрекетсіздігі) Шарттың 76-бабы 2-тармағының 2-тармақшасын бұзады деп танылсын.

3. Хаттаманың 16-тармағының 3-тармақшасына және Айыппұлдарды есептеу әдістемесіне және салу тәртібіне сәйкес:

"Металлотехника" ЖШҚ-ның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) құқық бұзушының бәсекелестік ережелерін ұзақ уақыт бұзуынан (1 жыл немесе одан да көп уақыт ішінде) көрінген, жауапкершілікті жеңілдететін, жауапкершілікті жеңілдететін мән-жайлар тізбесінде көзделген мән-жайлардың және трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұлдар мөлшерін есептеу кезінде ескерілетін жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлардың (Айыппұлдарды есептеу әдістемесіне және салу тәртібіне № 1 қосымша) (бұдан әрі – жауапкершілікті жеңілдететін мән-жайлар) және көрсетілген тізбеде көзделген жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлардың (бұдан әрі – жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлар) жоқтығын ескере отырып, "Металлотехника" ЖШҚ-ға 662 500 ресей рублі көлемінде айыппұл тағайындалсын;

"Металлообработка" ЖШҚ-ның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) құқық бұзушының бәсекелестік қағидаларын ұзақ уақыт (1 жыл немесе одан да көп) бұзуынан көрінген жауапкершілікті жеңілдететін мән-жайлардың және жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлардың жоқтығын ескере отырып, "Металлообработка" ЖШҚ-ға 662 500 ресей рублі мөлшерінде айыппұл тағайындалсын;

2013 жылғы 29 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін "Металлотехника" ЖШҚ-ның директоры қызметін атқаратын, "Металлотехника" ЖШҚ-ның жеке-дара атқарушы органы Е.В. Тарасовтың әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) құқық бұзушының бәсекелестік қағидаларын ұзақ уақыт (1 жыл немесе одан да көп) бұзуынан көрінген жауапкершілікті жеңілдететін мән-жайлардың және жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлардың жоқтығын ескере отырып, Е.В. Тарасовқа 76 250 ресей рублі мөлшерінде айыппұл тағайындалсын;

2015 жылғы 2 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін "Металлообработка" ЖШҚ-ның директоры қызметін атқаратын, "Металлообработка" ЖШҚ-ның жеке-дара атқарушы органы В.В. Абросимованың әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) құқық бұзушының бәсекелестік қағидаларын ұзақ уақыт (1 жыл немесе одан да көп) бұзуынан көрінген жауапкершілікті жеңілдететін мән-жайлардың және жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлардың жоқтығын ескере отырып, В.В. Абросимоваға 76 250 ресей рублі мөлшерінде айыппұл тағайындалсын.

Осы Шешіммен тағайындалған айыппұлдар Хаттаманың 17 және 18-тармақтарында белгіленген тәртіппен төленуге жатады.

4. "Металлообработка" ЖШҚ-ға, "Металлотехника" ЖШҚ-ға, В.В. Абросимоваға және Е.В. Тарасовқа "Автоген-М" ЖШҚ сауда белгісі (қызмет көрсету белгісі) болып табылатын, тұтынушыларды тауардың сипатына, өндіріс әдісіне және орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына немесе оны өндірушілерге қатысты жаңылыстыруға алып келетін немесе алып келуі мүмкін, атауында "ОРБИТА" сөзі бар "ОРБИТА-Р" және "ОРБИТА-РМ" белгілемелерін пайдалана отырып, магистральдық құбырларды салу кезінде және өнеркәсіптік кәсіпорындарда энергия көздеріне қосуды қажет етпей, далалық жағдайларда ацетиленді немесе оның алмастырғыштарын пайдалана отырып, болат құбырларды газды-силикатты (термиялық) кесуге арналған тасымалданатын машиналарды сатуды және өзге де тәсілмен айналымға қосуды тоқтату міндеттелсін.

5. "Металлообработка" ЖШҚ, "Металлотехника" ЖШҚ, В.В. Абросимова және Е.В. Тарасов осы Шешім күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде осы Шешімнің 4-тармағының орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

6. Осы Шешімнің 3-тармағында көрсетілген адамдарға Айыппұл есептеу әдістемесі мен салу тәртібінің 171-тармағының екінші абзацына сәйкес Хаттаманың 16-тармағында көзделген айыппұлдарды құқық бұзушылар тиісті Шешім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 60 күннен кешіктірмей толық мөлшерде төлейтіні туралы хабарлансын. Айыппұл көрсетілген мерзімде төленбеген жағдайда Комиссия Айыппұлдарды есептеу әдістемесі мен салу тәртібінің 18-тармағына сәйкес тиісті Шешімді мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шаралар қабылдайды.

7. Осы Шешімге белгіленген тәртіппен Одақ сотына шағым жасалуы мүмкін.

8. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия

Алқасы Төрағасының

міндетін уақытша атқарушы

В. Назаренко